

3-курс. Педагогикалық практика

*«6B01405-Құқық және экономика негіздері мұғалімін даярлау»,
«6B01506-География мұғалімін даярлау» және «6B01511-География-тарих мұғалімін
даярлау» білім беру бағдарламалары бойынша*

«6B01405-Құқық және экономика негіздері мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасының 3-курс 1405-80 тобы студенттерінің 4 аптаға жоспарланған педагогикалық практикасы 2023 жылдың 30 қаңтары мен 24 ақпаны аралығында өтті.

Университеттің барлық 3-4-курс студенттеріне арналған орнықтыру конференциясы 30 қаңтарда 09:30-да «Шаңырақ» ғимаратының «Қазақстан» залында өтті. Онда студенттер педагогикалық практиканың төрт апталық жоспарымен танысып, алдағы уақыттағы тапсырмаларын, міндеттерін анықтады. Жалпы конференциядан соң студенттер курс бойынша ұйымдастырылған жеке кафедралық конференцияға қатысты. Онда практиканың жоспары, өтетін күндері, орны, уақыты, форматы туралы толығырақ ақпараттар берілді. Ал конференциядан соң студенттер практика жетекшісімен бірге практика базасына барып, алғашқы күнге жоспарланған жұмыстарды орындауға кірісіп кетті. Мұнда олар мектеп басшылығымен танысып, өздеріне бекітілген сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен танысып, сабақ кестесін алды. Осы орайда мектеп тарапының студенттерді практикаға қабылдауға жоғары дайындықпен кіріскенін атап өткен жөн.


Педагогикалық практика Шымкент қаласының Білім басқармасына қарасты Ә. Науаи атындағы №11 жалпы орта мектебінің базасында өтті. Алғашқы аптасы пассивті түрде теориялық білімдерге негізделіп, сабақтарға қатысып бақылау, тәжірибе жинақтау түрінде өтті. Бұл аптада студенттер мектепте өздерін оқушылармен қалай ұстау керек, сабақты қалай жүргізу керек, мұғалім-оқушы арасындағы қарым-қатынас қалай құрылуы керек деген сұрақтарға жауап іздеді. Сондай-ақ, осы аптаның соңғы күндерінде сыныпқа жетекшілік жасап, сабақтар жүргізуге кірісіп кетті.

Педагогикалық практиканың екінші аптасы білім беру ұйымындағы нағыз педагог ретіндегі қауырт жұмысқа ұласты. Мұнда студенттер сыныпқа толық жетекшілік етіп, өз беттерінше сабақтар жүргізіп, әртүрлі деңгейдегі іс-шараларды да ұйымдастырды.

Педагогикалық практиканың үшінші аптасында студенттер педагогикалық жұмыстармен қатар, психологиялық тапсырмаларды қатар орындады. Бекітілген сыныпқа бақылау жүргізді. Олармен сынып сағатын, тәрбие сағатын, ашық сабақтар өтті. Білікті мұғалімдердің, студент-практиканттардың сабақтарына қатысып, тәжірибе жинақтады, тәжірибе алмасты.

Педагогикалық практиканың төртінші, соңғы аптасында студенттер ашық сабақтар етіп, педагогикалық практиканың қорытынды жұмыстарын жүргізіп, есеп берді.





Практика жетекшісі: Бекмырза А

6B01506-География мұғалімін даярлау, 6B01511-География-тарих мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша 3-курс 1506-10, 1511-10 тобы студенттерінің педагогикалық практикасы жұмыс жоспарында көрсетілген мақсаттары мен міндеттерге сәйкес жүргізілді. 30.01.-24.02.2022ж аралығындағы тәртіпталық педагогикалық практиканы Шымкент қаласындағы №38 Н.Оңдасынов атындағы мектеп-гимназиясында, №36 Қазыбек би атындағы жалпы орта мектепте өткізілді және практикаға аға оқытушы Таскараева К.А жетекшілік етті. Практика барысында студенттер өздерінің теориялық білімін тәжірибе жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік алды.

Педагогикалық практика барысында студенттер мектеп мұғалімдерінің педагогикалық шеберліктерімен етене танысып, жаңартылған бағдарламаға сәйкес педагогикалық тәсілдер мен оқу материалдарын қолдануды үйренді және бағдарламадағы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін қолдануды меңгерді.

Студенттер практика базасында 2022/2023 оқу жылының ҰМЖ,ОМЖ және тәрбие , сыныптан тыс жұмыстардың жылдық жоспарларына сәйкес көптеген ашық сабақтар, ашық тәрбие сағаттарын өткізіп, сыныптан тыс жұмыстарын ұйымдастырды. Қорыта келсек, педагогикалық практика нәтижесінде студенттер география мен тарихтың ғылыми пән ретіндегі рөлі мен оның қазіргі заманғы адамзат мәселелерін, сондай-ақ ғаламдық мәселелерді шешудегі әлеуетін түсінуге мүмкіндік алды;

- оқушылардың география ғылымының түсініктері мен терминдерін меңгеруіне ықпал жасауды меңгерді;

- сабақ өткзуге қолайлы орта қалыптастыруды;

- оқушылардың кеңістіктік ойлауы мен картографиялық дағдыларын қалыптастыру;

- Сабақтың мақсатына жетуіне бағытталған тапсырмалар құрастыру мен әдіс-тәсілдерді қолдануды;

- Сабақты жоспарлауға қалыптастырушы бағалауды енгізуді;

- географиялық білімді күнделікті өмірде, өз іс-тәжірибесінде пайдалану дағдыларын қалыптастыруды үйренді.Сол сияқты, оқыту үдерісіндегі критериалды бағалаудың ерекшеліктерін анықтап,БЖБ тапсырмаларын құрастырудың тиімді жолдарымен танысты.

















Практика жетекшісі: Тасқараева К.А.